

## Банктер консорциумын құру және синдикатталған (консорциумдық) заемдар беру ерекшеліктері туралы ережені бекіту жөнінде

### ***Күшін жойған***

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 328. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 13 қыркүйекте N 892 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 тамыздағы N 302 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының атауы өзгерілді және барлық мәтін бойынша:

"кредиттер", "кредитті", "кредит", "кредитке", "кредитіне",  
"сыйақы (мұdde)", "сыйақыны (мұddeні)" деген сөздер тиісінше  
"заемдар", "заемды", "заем", "заемга", "заемына", "сыйақы",  
"сыйақыны" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі  
Басқармасының 2001 жылғы 15 қазан N 404 V011767\_ қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктер қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Ұлттық Банкінің Басқармасы Қаулы етеді:

1. Банктер консорциумын құрудың және синдикатталған (консорциумдық) заемдар беру ерекшеліктері туралы ереже бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Банктер консорциумын құрудың және синдикатталған (консорциумдық) заемдар беру ерекшеліктері туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) осы қаулыны және Банктер консорциумын құру және синдикатталған (консорциумдық) заемдар беру ерекшеліктері туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап екі апта мерзімде Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының  
1998 жылғы 31 желтоқсанындағы  
N 328 қаулысымен бекітілді

Екінші деңгейдегі банктер консорциумын құру және  
синдикатталған (консорциумдық) кредиттер беру ерекшеліктері  
туралы ережені бекіту жөнінде <\*>

Ескерту: Ереженің атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі  
Басқармасының 2001 жылғы 15 қазан N 404 V011767\_ қаулысымен.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне K941000\_ ,  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының  
Заңына Z952444\_ , банктер және банк қызметі туралы басқа да нормативтік  
құқықтық актілерге сәйкес өзірленді, екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі -  
банктер) синдикатталған (консорциумдық) кредиттерді қалыптастыру және беру,  
сондай-ақ оларды есепке алу тәртібін белгілейді. <\*>

Ескерту: Кіріспе өзгерілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 15 қазан N 404 V011767\_ қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ереже

1. Банктер жекелеген қарыз алушыларды немесе занды тұлғалар тобын  
бірлесіп кредиттеу, сондай-ақ қаржырында басқа да қызмет атқару үшін,  
егер оны жүзеге асыру банк зандарының талаптарына қайшы келмейтін болса,  
өздерінің қаржы ресурстарын біріктіру жолымен консорциум құруға құқылы.

2. Банктердің консорциумын құруға қажетті шарт кредитор-банктердің  
құрамында болуы мүмкін өзгеріске қарамастан оның қатысуышыларының  
синдикатталған (консорциумдық) заемды беру туралы шартының ережелерін  
орындау жөнінде міндеттеме қабылдауды болып табылады. Бірлескен қызметтің

осы түріне қатысушылардың құқықтық мұрагерлігі туралы нормасы банктер консорциумын құру туралы келісімге енгізілуі тиіс. <\*>

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - КР Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 15 қазан N 404 V011767\_ қаулысымен.

3. Синдикатталған (консорциумдық) кредиттерді құрастыру және беру осы Ережеде белгіленген талаптарды ескере отырып жүргізіледі.

4. Осы Ереженің мақсаты үшін мынадай ұйымдар пайдаланылады:

1) синдикатталған (консорциумдық) заем - консорциумның қатысушылары болып табылатын екі және одан да көп банктер бірлесіп құралған және қарыз алушыға (байланысқан қарыз алушылар тобына) бір заем шарты (қажет болғанда оған басқа да құжаттар қосылады) негізінде берілген заем; <\*>

2) ұйымдастырушы-банк - банктердің консорциумын құрудың немесе синдикатталған (консорциумдалған) заем берудің бастамашысы болған банк;

3) агент-банк - синдикатталған (консорциумдық) заем және басқа да міндеттер бойынша консорциумға қатысушылардың және осы Ереженің белгілеген өкілеттігі шегінде қызмет ететін банк;

4) ортақ кредитор-банктер - синдикатталған (консорциумдық) заемды беруге консорциум құрамына тікелей қатысатын банктер;

5) Ақпараттық меморандум - консорциумға ықтимал қатысушыларға не ортақ кредитор-банктерге ұйымдастырушы-банк беретін консорциум құру туралы ұсыныс жазылған және/немесе синдикатталған (консорциумдық) заемды берудің орындылығын негіздейтін құжат.

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - КР Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 15 қазан N 404 V011767\_ қаулысымен.

5. Ұйымдастырушы-банк консорциум құру туралы келісімді белгіленген тәртіппен жасағаннан кейін бес күн ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) консорциумның құрылғаны туралы мынадай мәліметтері бар хабарландыру береді:

1) консорциумның атауы және оны құрудың мақсаты;

2) консорциумға қатысушылардың құрамы;

3) берілетін синдикатталған (консорциумдық) кредиттің (бұдан әрі - синдикатталған заем) әрбір қатысушы банктің үлесі көрсетілген жалпы сомасы;

4) бір немесе бірнеше ортақ кредитор-банктер шығып кеткен жағдайда консорциумға қатысушылар құқықтық мұрагер болып қабылдайтын міндеттемелердің ауқымы.

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - КР Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 15 қазан N 404 V011767\_ қаулысымен.

6. Бірлескен қызметке жетекшілікті және ортақ іс жүргізууді консорциумның қатысушылары өзара келісім бойынша бір қатысушы-банкке не агент-банкке

тапсыра алады.

7. Егер банк басқа банк акциясының 1/3 астамына ие болса, ондай банктер бір синдикатталған кредиттің ортақ кредиторлары бола алмайды.

Синдикатталған заемды ортақ кредитор-банктердің акциясын сатып алу үшін тікелей немесе жанамалап пайдалануға болмайды.

8. Консорциум құру туралы келісімде басқа жағдайлармен бірге мыналар болуы тиіс:

- 1) консорциумның атауы және оны құрудың мақсаты;
- 2) консорциум қатысушыларының құрамы және мекен-жайы;
- 3) Ұйымдастырушы-банк және агент-банк туралы толық мәліметтер;
- 4) кредиттеу синдикатталған заемды жіктеу және ол бойынша провизиялар жасау талаптарының өзгеруін, ортақ кредиттердің консорциумға қатысудан бас тартуына байланысты консорциум қатысушыларының шешім қабылдауының іс-жосығы;
- 5) жалпы шығындар және шығындарды жабу тәртібі;
- 6) консорциум қатысушыларының жалпы істерді жүргізуіндегі және

консорциумды басқарудың талаптары;

7) берілетін синдикатталған кредиттің ортақ кредитор-банктердің үлесін қоса есептегендегі жалпы сомасы;

8) синдикатталған заем бойынша қарыз алушылардан (байланысқан қарыз алушылар тобынан) алынатын сыйақыдағы (мұддедегі) банктердің үлесін қоса есептегендегі сыйақы ставкаларының мөлшері;

9) қарыз алушының синдикатталған заемды өтеуі туралы ақпарат беру талаптары;

10) синдикатталған кредиттің әр үлесін қамтамасыз ету жөнінде ақпарат және басқа талаптар.

2-тaraу. Синдикатталған заемды құрау және  
беру тәртібі

9. Агент-банк және ортақ кредитор банктер мына өлшемдерді қанағаттандыруға:

1) Ұлттық Банкі белгілеген пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуы міндетті нысандар мен лимиттерді консорциум құру туралы келісімге

қол қойылған, синдикатталған (консорциумдық) заем беру туралы шарт жасалған күні, сондай-ақ консорциумдық заем тікелей берілген күні орындауға;

2) кредиттік портфелінің жалпы сомасында тәуекелі көп күмәнді және үмітсіз кредиттерді 25%-тен көп ұстамауға міндетті.

Ескерту: 9-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

2001 жылғы 15 қазан N 404 V011767\_ қаулысымен.

10. Ұйымдастыруши-банк консорциумның қатысушыларына үшін жіберетін ақпараттық меморандумда:

1) жорамал синдикатталған кредиттің сомасы және ол бойынша сыйақы (мұдде) мөлшері;

2) қарыз алушы (байланысқан қарыз алушылар тобы) туралы қысқаша мәлімет;

3) кредиттеудің мақсаты;

4) синдикатталған заемды беру мерзімі және басқа талаптар болуы тиіс.

11. Ұйымдастыруши-банк:

1) синдикатталған заем бойынша кредиттік құжаттар топтамасын белгіленген талаптарға сәйкес құрауды және ресімдеуді;

2) синдикаттық заем бойынша құжаттарды кредиттік құжаттар топтамасын мәліметтер енгізу ді қоса, құрастыру, есепке алу және сақтауды;

3) синдикатталған заем бойынша ортақ кредитор-банктерге құжаттама жіберуді;

4) қажет құжаттарды агент-банкке өткізу ді қамтамасыз етуге міндетті.

12. Синдикатталған заем беруге қатысу туралы шешім қабылдаған банк (консорциум құрылғанға дейін де, одан кейін де) өзінің келіскендігі туралы ұйымдастыруши-банкке еркін нысанда жасалған жазбаша өтінім жібереді.

13. Синдикатталған заем бойынша кредиттік құжаттар топтамасын құрау, сондай-ақ оны жіктеу осы Ережеде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып тиісті нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес жасалады.

14. Ортақ кредитор-банктер синдикатталған заемға қызмет көрсету

жөнінде агент-банкпен келісімге отырады, осыған сәйкес агент-банк:

1) қарыз алушымен заем шартын және басқа да қажетті құжаттар дайындауды және қол қоюды;

2) синдикатталған заем беруге байланысты төлемдерді;

3) синдикатталған заемды жіктеуді;

4) қарыз алушының заем бойынша негізгі борышты өтеуін және ол бойынша сыйақы төлеуін қамтамасыз ету шараларын;

5) Ұлттық Банкіне және басқа органдарға синдикатталған заем бойынша

белгіленген мерзімде қажетті есептерді заңдарда белгіленген тәртіппен беруді;

6) синдикатталған заемды өтеуге байланысты төлемдер жүзеге асыруға тиіс.

Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

2001 жылғы 15 қазан N 404

V011767\_

қаулысымен.

15. Ортақ кредитор-банктерден түскен және синдикатталған заемды беруге арналған ақшаны агент-банктің басқа мақсатқа пайдалануға құқығы жок.

3-тaraу. Синдикатталған заемдарды есепке алу және оларды жіктеу ерекшеліктері

<\*>

Ескерту: 3-taraу жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі  
Басқармасының 2001 жылғы 15 қазан N 404

V011767\_

қаулысымен.

16. Ортақ кредитор-банктерден синдикатталған заем беру үшін түсетін ақшаны есепке алу үшін агент-банк банктің басқа кредиторларын есепке алу үшін пайдаланатын есепшоттарында жеке есепшот ашады.

17. Агент-банкке синдикатталған заем беру үшін аударылған ақшаны ортақ кредитор банктер банктің басқа кредиторларын есепке алу үшін пайдаланатын есепшоттарында ескереді.

18. Ортақ кредитор-банктер синдикатталған заемның мөлшерін және басқа талаптарын мақұлдағаннан кейін агент-банк заемшыға заем береді.

Агент-банк заемшыға синдикатталған заем бергеннен кейін ортақ кредитор-банктер және синдикатталған заемға қатысу үлесі бар агент-банк өзінің теңбе-тең үлестік қатысы бар заем сомасын банктің клиенттерге талаптарын ( клиенттерге берілген заемдар) есепке алуға арналған есепшоттарға есептейді.

19. Агент-банк және ортақ кредитор-банктер пруденциалдық нормативтерді және басқа да сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есептеу кезінде берілген синдикаттық заемдар сомасын өзінің оған қатысу үлесіне теңбе-тең есепке қабылдайды.

20. Агент-банк Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің

банк активтері мен баланстан тыс талаптарды жіктеу және олар бойынша провизияларды есептеу туралы заңдарға сәйкес синдикатталған заемды жіктейді және синдикатталған заем беру туралы шарттың талаптарын сактау мониторингін жүзеге асырады.

Агент-банк синдикатталған заемды жіктеу кезінде ай сайын, есепті кезең аяқталғанға дейін 5 жұмыс күні бұрын консорциумның басқа қатысушыларына (олармен келісілген тәртіпке және нысанға сәйкес) синдикатталған заемды жіктеу туралы жазбаша хабарлайды.

Қазақстан Республикасының резидент емес агент-банкі болып табылатын ортақ кредитор-банктер синдикатталған заемды Қазақстан Республикасының резидент емес агент-банкі берген синдикатталған заемды жіктеу туралы ақпарат негізінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банк активтері мен баланстан тыс талаптарды жіктеу және олар бойынша провизияларды есептеу туралы заңдарға сәйкес дербес жіктейді.

21. Ортақ кредитор-банктер агент-банктен алған ақпаратқа сәйкес синдикатталған заем бойынша провизияны өзінің оған үлесу қатысуымен бірге қалыптастыруға міндетті. Мұндай талап синдикатталған заем қатысу үлесі бар агент-банкке де қолданылады.

22. Агент-банк ай сайын, банк активтері мен шартты міндеттемелерді

жіктеу және провизиялардың мөлшері бойынша өзгерістер туралы мәліметтерді берумен қатар Ұлттық Банктің банктерді қадағалау бөлімшесіне осы Ереженің N 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша әрбір ортақ кредитор-банктерге қатысты синдикатталған заем туралы мәліметтер береді.

Егер агент-банк Қазақстан Республикасының резидент емесі болып табылса, онда ортақ кредитор-банктер синдикатталған заем туралы мәліметтерді осы Ереженің N 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша дербес береді.

#### 4-тaraу. Қорытынды ережелер

23. Консорциумның қатысушы-банкі осы Ережеде белгіленген талаптарды бұзған жағдайда Ұлттық Банкінің оған ықпал етудің шектелген шараларының немесе банк заңдарында көзделген санкцияларды қолдануға құқылы.

24. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес шешілуі тиіс.

Төраға

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының  
1998 жылғы 31 желтоқсанында  
N 328 қаулысымен бекітілген  
Банктер консорциумын  
құрудың және синдикатталған  
(консорциумдық) кредиттердің  
ерекшеліктері туралы ережеге  
N 1 қосымша

<\*>

Ескерту: N 1 қосымша өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 15 қазан N 404  
V011767\_  
қаулысымен.

Банктердің консорциумы берген синдикатталған  
(консорциумдық) заемдар туралы агент-банктің мәліметі

Синдикатталған (консорциумдық) заем

берілді

\_\_\_\_\_ (консорциумның атауы)  
қарыз алушыға (қарыз алушыларға) \_\_\_\_\_

Агент-банктің атауы \_\_\_\_\_

Берілген мәліметтер 200 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Банктің	Банктің синдикаттал.	Банктің синдикатталған				
атауы	ған (консорциумдық)	(консорциумдық) заем				
	заем сомасы беріл.	сомасындағы есеп берілетін				
	ген уақыттағы үлесі	күнгі үлесі				
	синдикаттал.	синдикаттал.				
	мың	ған (консор.	мың	ған (консор.		
	циумдық)	кред.теңге.	циумдық)	кредиттің		
	теңге	тің жалпы	мен	жалпы сомасынан		
	мен	сомасынан %		%		
Агент-банк						
Ортақ						
кредитор						
банк						
1.						
2.						
Синдикатталған						
(консорциумдық)						
кредиттің жалпы						
сомасы:	100%		100%			
Синдикат.	Синдикатталған	Синдикаттал.	Қарыз алушы.	Синдикаттал.		
талған (конған (консорци.	ған (консор.	ның синдикат.	ған (консор.			
сорциумдық)	умдық)	кредит.	циумдық)	талған (конс.	циумдық)	
кредиттің	ті өтеу күні	заем	орциумдық)	кредиттің		

берілген  (заем шарты.  бойынша  кредиті бой.  жалпы жікте.	
күні  на сәйкес)  қамтамасыз  ынша мерзімі  луі	
ету сомасы  өтіп кеткен	
(мың теңге)  қарыз (күнмен)	
<hr/>	
сыйақы  негізгі	
(мұдде)  борыш	
бойынша  сомасы	
бойынша	
<hr/>	
<hr/>	

Банк Басқармасының төрағасы

---

Банктің бас бухгалтері

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.